

Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 сәуір N 355. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.20. N 1756 қаулысымен. ~P991756

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" 1999 жылғы 22 қантардағы N 6 U990006_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) туралы ереже;

2) <*>

3) Министрлік оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2) тармақшасының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

2. Министрлікте төрт вице-министр болуға рұқсат етілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

3. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.03. N 1301 қаулысымен. P991301_

4. Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің "Мемлекеттік фельдьегерлік қызмет" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оны Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдьегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырысЫН.

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі аталған қайта ұйымдастыруға байланысты қажетті ұйымдастыру шараларын жүргізсін.

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 қарашадағы N 1641 P971641_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 51, 469-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 және 1997 жылғы 22 қарашадағы N 1641 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 ақпандағы N 64 қаулысы P980064_ (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж. N 4, 23-құжат).

6. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі Міністрлік ведомстволарының ережелері мен құрылымдарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің жобаларын белгіленген тәртіппен енгізсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
1 сәуірдегі
N 355 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар
және туризм министрлігі туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) көлік-коммуникация кешенінде және туризм саласында басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. <*>

Министрліктің мынадай ведомстволары болады: Туризм комитеті, Көліктік бақылау комитеті. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің
1999.08.02. N 1093 қаулысымен. Р991093_

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлери мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады. <*>

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.
Егер Министрлікке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапын білдіруге құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен. Р991093_

4. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады, олардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар. <*>

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен. Р991093_

6. Министрліктің заңды мекен-жайы:

Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Көлік,

коммуникациялар және туризм министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

<*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен.

P991093_

8. Министрлік туралы ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып
табылады.

<*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен.

P991093_

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек мемлекеттік бюджеттен
жүзеге асырылады.

Министрлікке Министрліктің бақылау және қадағалау функциялары болып
табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен
шарттық қатынастарға кіруге құқығы жоқ.

Егер Министрлікке заң актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге
асыру жөнінде құқықтар берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс
мемлекеттік бюджеттің кірсіне аударылады.

2. Министрліктің функциялары, негізгі
міндеттері мен құқықтары

11. Министрлік зандарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды
жүзеге асырады:

1) экономиканың және халықтың жүк, жолаушы тасымалына, байланыс және
туризм қызмет көрсетулеріне деген қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған
мемлекеттік саясат пен стратегияны іске асыру;

2) көлік-коммуникация кешенінің және туризм саласындағы қызметпен
айналысадын занды тұлғалардағы мемлекет үлесіне, пайларына және акциялар
пакеттеріне иелік ету және оларды пайдалану жөніндегі функцияларды Үкіметтің

шешімдері бойынша жүзеге асыру;

3) көлік, коммуникациялық және туристік қызметтерді жүзеге асыратын объектілерді жекешелендіру мәселелерін шешуге қатысу;

4) өз құзыретінің шегінде көлік кешенін, коммуникацияларды және туризм саласын дамыту мен оның жұмыс істеуінің маңызды мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізуі үйімдастыру;

5) өз құзыретінің шегінде көлік-коммуникация кешені мен туризм қызметіне байланысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптауды үйімдастыруға қатысу;

6) өз құзыретінің шегінде техникалық шарттар мен өзге де нормативтерді бекіту, сертификаттауды жүргізу, сондай-ақ көлік-коммуникация кешенінде белгіленген нормативтердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

7) <*>

8) көлік, коммуникациялар және туристік қызмет көрсету рыногын қалыптастыру;

9) мемлекеттік тапсырысты орналастыру, мемлекеттік тапсырысқа бөлінген қаражаттың пайдалануына бақылау жасауға қатысу;

10) әуе кеңістігінің радиожиілік спектрінің пайдаланылуын, телекоммуникация желілері мен пошта байланысының жұмысын, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілік құрылғыларының жұмысын бақылауды жүзеге асыру;

11) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау;

12) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешені қызметін және туризм саласын мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыру;

13) көлік-коммуникация кешенінде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

14) сараптама және консультациялар жүргізу үшін орталық және жергілікті атқарушы органдардың мамандарын ақысыз негізде, ал мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мамандарды ақылы негізде тарту;

15) зандарда өзіне жүктелген өзге де функциялар.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334

қаулысымен. Р991334

12. Министрліктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) көлік-коммуникация кешені мен туризм саласын дамытудың стратегиялық жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеуге қатысу және іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация кешені мен туризм

саласының қызметтік реттеу және үйлестіруді зандарда белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

3) көлік, ақпарат жүйелері мен туризм саласының қызмет көрсетулер рыногын қалыптастыруға, кәсіпкерлікке, шағын және орта бизнеске мемлекеттік қолдау көрсетуге қатысу;

4) тасымалдауларға, байланыс қызметтері мен туризм саласына деген мемлекеттік мұқтажына болжамдар әзірлеу және оны уақытылы сапалы қамтамасыз ету;

5) көлік, байланыс және туристік қызмет көрсетулерін тұтынушылар құқықтарының сақталуына бақылау жасауға қатысу;

6) көлік, байланыс және туризм салаларында зандардың орындалуын қамтамасыз ету;

7) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және жобалау жұмыстарының, сондай-ақ көлік, байланыс және туризм салаларының кадрларын оқыту, даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруға қатысу.

13. Министрліктің өзіне жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру барысында зандарда белгіленген тәртіппен мынадай құқықтарға ие:

1) Министрліктің құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша жеке және занды тұлғалардан қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді сұрату;

2) ведомстволық бағынысты ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

3) көлік-коммуникация кешенінен кіретін және туризм саласындағы қызметпен айналысатын респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің уәкілетті органы болу, олардың жарғыларын бекіту, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асыру;

4) Үкімет шешімдері бойынша көлік-коммуникация кешені мен туризм саласындағы қызметпен айналысатын занды тұлғалардағы мемлекеттік үлестеріне және акциялар пакеттеріне иелік ету және оларды пайдалану;

5) өз қарауындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларын іріктеу және тағайындау, бірінші басшылармен зандарға сәйкес келісім-шарттар жасасу;

6) өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдарда көлік-коммуникация кешені мен туризм саласының мұдделерін білдіру, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасасу;

7) Министрлік ведомстволарының міндеттері мен функцияларына сәйкес

келмейтін бұйрықтардың күшін жою және хаттарын көрі қайтарып алу;

8) мемлекеттік сатып алу процесінде тапсырысшы болу;

9) зандарда өзіне жүктелген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Министрліктің мүлкі

14. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Министрліктің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

15. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

16. Министрліктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен алуға немесе оған басқа әдіспен билік етуге құқығы жок.

Министрлікке зандарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

17. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің орынбасарлары (вице-министрлері) болады, оларды Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

18. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

19. Осы мақсатта Министр:

1) вице-министрлердің, департамент директорларының міндеттері мен

өкілеттіктері шеңберін белгілейді;

2) зандарға сәйкес Министрліктің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) зандарда белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Министрліктің актілеріне қол қояды;

5) Министрліктің құрылымын және Министрліктің занды тұлға болып табылмайтын құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

<*>

6) мемлекеттік органдарда және өзге де үйымдарда Министрліктің өкілі болады;

7) зандарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен.

P991093_

20. Министрдің орынбасарлары Министр белгілеген қызметтері мен өкілеттіктерінің шегінде Министрліктің нормативтік емес сипаттағы бұйрықтарына қол қояды.

21. Министрлікте Министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министр бекітеді.

<*>

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен.

P991093_

5. Министрлікті қайта үйымдастыру мен тарату

22. Министрлікті қайта үйымдастыру мен тарату қолданылып жүрген зандарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

1 сәуірдегі

N 355 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қолік, коммуникациялар және туризм министрлігі оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің

Тізбесі

Респубикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорны

Респубикалық мемлекеттік пошта байланысы кәсіпорны

"Респубикалық арнайы байланыс торабы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Өнеркәсіптікбайланыс" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Қазақ автомобиль жолы" респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

"Қазаэронавигация" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Қазаэрожоба" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Астана халықаралық әуежайы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Қазақстан темір жолы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

Шығыс Қазақстан су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

Павлодар су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

Семей су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

Атырау су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

Орал су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

Іле су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

Балқаш су жолдары респубикалық қазыналық кәсіпорны

"Ақтау теңіз сауда порты" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Ақпараттық-тұсаукесер орталығы" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Мемлекеттік авиациялық регистр (Мемавиарегистр)" респубикалық мемлекеттік кәсіпорны

Қазақстан Республикасы Қолік, коммуникациялар және туризм министрлігінің "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" респубикалық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
1 сәуірдегі
N 355 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 желтоқсандағы N 1249 P981249_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 45, 412-құжат):

- 1) 4-тармақтың күші жойылған деп танылсын;
 - 2) аталған қаулының 2-қосымшасының күші жойылған деп танылсын.
2. "Қазақ автомобиль жолы" республикалық мемлекеттік қазыналық

кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 желтоқсандағы N 1266

P981266_
қаулысында;

5-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын.

3. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 1322
P981322_
қаулысында:

- 1) қаулының атауындағы және мәтініндегі "Көлік және коммуникациялар министрлігінің" деген сөздер "Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2)

<*>

3)

<*>

ЕСКЕРТУ. З-тармак өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334
қаулысымен.

P991334_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Умбетова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК